

Арыс қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтерін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 48/289-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 қаңтарда № 3531 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2016 жылғы 20 маусымдағы № 3/17-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 20.06.2016 № 3/17-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілед).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) және 2) тармақшаларына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына және "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 бұйрығына Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10030 тіркелген, Арыс қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бекітілсін:

1) осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес Арыс қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары;

2) осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес Арыс қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтері.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихат
сессиясының төрағасы*

Б.Токсентов

Арыс қалалық мәслихатының
2015 жылғы 18 желтоқсандағы
№ 48/289-V шешіміне 1 қосымша

Арыс қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Орташа жылдық жинақталу нормалары, м ³
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,1 1,4
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,62
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,69
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,37
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,92
6	Емханалар	1 адам	0,014
7	Ауруханалар, санаторийлер, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,11
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,3
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 тағам	0,95
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойын автоматтарының залдары	1 орын	0,43
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²	0,03
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Ж о б а бойынша 1 орын	0,03
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,12
14	Азық-түлік дүкендері	Сауда алаңы 1 м ²	0,34
15	Машиналардан сату	Сауда орны 1 м ²	1,2
16	Өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м ²	0,14
17	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²	0,38
18	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м	0,14
19	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,05
20	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м ²	-
21	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,23
22	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	-
		Сауда алаңы	

23	Дәріханалар	1 м ²	0,21
24	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	1,36
25	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,95
26	Гараж кооперативтері	1 гаражға	-
27	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,58
28	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м ²	0,23
29	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,5
30	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	-
31	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,18
32	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1 0 0 0 қатысушы	0,3
33	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	-

Арыс қалалық мәслихатының
2015 жылғы 18 желтоқсандағы
№ 48/289-V шешіміне 2 қосымша

Арыс қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтері

№	Атаулары	Есептік бірлік	Баға, теңгемен
1	Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету тарифтері		
1.1.	Жайлы үйлер	1 адам	150
1.2.	Жайсыз үйлер	1 адам	170
1.3.	Заңды тұлғалардан	1 текше метр	1804
2.	Тұрмыстық қатты қалдықтарды көму және кәдеге жарату тарифтері		
2.1.	Жеке тұлғалар	1 текше метр	150
		1 тонна	811
2.2.	Заңды тұлғалар	1 текше метр	200
		1 тонна	811